С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары-10: Мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары//Материалы международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-10: «Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны», посвященной 120-летию со дня рождения С. Сейфуллина. – 2014. – Т.1., ч.1. – Б.46-47

ТҮЙЕЖОҢЫШҚА ДАҚЫЛЫН ТҰҚЫМҒА ӨСІРУДІҢ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Байдалин М.Е.

Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық кешеніндегі жем-азық өндірісін калыптандыратын факторы ретінде жем-азықтық шөптердің жоғары өнімді және жоғары сапалы тұқымын айтуға болады. Тұқым жетіспеушілігі мен сұранысты жою үшін карқынды технологияларды еңгізу қажет. Осы мақсатпен Солтүстік – Қазақстандық АШҒЗИ түйежоңышқа дақылының жоғары өнімді және жоғары сапалы тұқымын өңдеудін су және ресурсүнемдегіш технологиясы ойластырылып отыр.

Түйежоңышқаны тұқымға өсіру арнайы ауыспалы егісте жүргізілу қажет. Ең қолайлы алғы дақыл ретінде өзінен кейін егісті арамшөпсіз калдыратын бау-бақша және кысқы дәнді дақылдарды айтға болады. Тұқымға себу дербес түрде болу керек осы жағдайда жарықтын және топырақтың су режимі тұқымның жоғары өнімділігін камтамасыз етеді.

Себуге арналған топырақты күзде терендігі 20 – 22 см. жыртады. Біркелкі егіс алу үшін егістікті түзету және себу алдындағы мен себуден кейінгі топырақты бастыруды орындау міндетті түрде қажет.

Түйежоңышқаны себу кезінде тұқым арамшөптерден тазартылған және өсіп-өнетін энергияға бай болу қажет.

Түйежоңышқа тұқымы сепкен жылы өспей бірнеше жыл жатып қалу мүмкін, ол тұқым қабығы катты және қалын болғандықтан ұрыққа су жетпеушілігімен түсіндіріледі. Осы кедергіні жою мақсатымен арнайы тұқымды қайрау әдісі қолданылады. Осы әдіс арнайы қайрау машиналарда орындалады [1-2].

Тұқымның танаптық өсуін жоғарлату үшін себу алдыңдағы өңдеу агроәдісі қолданылады (1 кесте).

1 кесте - Өңдеу әдістерінің түйежоңышқа тұқымының танаптық өсуіне әсері

Нұсқа	Түйежоңышқаның өсуі, %
Өңделмеген тұқым (бақылау)	36,6
Өңделген тұқым (ТМТД ВСК + Табу, 7 л/т)	55,7
Нитрагин еңгізу (300 г. 1 га)	40,5

Деректердің көрсеткіші бойынша ТМТД + Табу препаратын қолдану айтарлықтай тиімді болып келеді түйежоңышқа тұқымының танаптық өсуін

36,6 % - дан 55,7 % - ға дейін жоғарлатады. Нитрагинді еңгізу өзгерістерді көрсетсе де айтарлықтай өзгешелік байқалмайды. Түйежоңышқа тұқымының танаптық өсуі 2,3 – 3,9 % - ға ғана жоғарлайды.

Егістін өңдеу ауданы мен қолдану мақсатына байланысты себу мөлшері әртүрлі болады. Түйежоңышқаны тұқымға себудін оптималды мөлшері – 5 - 6кг/га кең қатарлы себу әдісі. Егістін біркелкі өсуіне себу тереңдігі де өз әсерін тигізеді. Біздің өнірде олптималды тұқым себу тереңдігі 3 – 4 см. [3].

Ең қолайлы себу мезгілі ретінде ертеқөктемгі болып есептеледі, өйткені кысқатөзімділік пен құрғақшылыққа беріктікті қамтамасыз етеді. Түйежоңышқа тұқымының танаптық өсуін қарастырсақ себу мерзімі де өз әсерін тигізетінің байқаймыз (2 кесте).

2 кесте – Себу мерзімдерінің түйежоңышқа тұқымының танаптық өсуіне әсері

Нұсқа	Түйежоңышқа, %
Ертекөктемгі – 10 мамыр	20,4
Көктемгі – 20 мамыр	38,2
Жазғы (бақылау) – 20 шілде	53,3

Топырақтағы төмен температуралық режиміне байланысты ертекөктемгі себу мерзімі кезінде түйежоңышқа тұқымының танаптық өсуі 20,4 – 29,1 % аспады, көктемгі себу кезінде топырақта температура мен ылғалдың оптималды мәңі болған жағдайда 38,2 – 46,5 % жоғарлап отырған. Ең қолайлы жағдай ретінде жазғы себу мерзімі болып табылады 53,3 – 61,7 % ертекөктемгі себу мерзімімен салыстырғанда 3 есе артық.

Түйежоңышқа тұқымын екінші жылғы шөптерден алады. Жинауды екі бөліп орындайды. Біріншіден құлату жұмыстарын жүргізеді, кейін жинауды жүргізеді. Тұқымды тазартып, құрғатып сақтауға шашады.

Сонымен, тұқымға арналған түйежоңышқаның өнімін жоғарлатудың міндетті агроәдістері: себу алдындағы тұқымды өңдеу, себу мерзімдері, себу мөлшері және т.б.

Ғылыми жетекші: а.-ш.ғ.к. аға оқытушы Е.У.Сагалбекова